



**«Тай-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен
компаниясы» АҚ**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

«ТАУ-КЕН САМУРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

МАЗМҰНЫ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1-2
Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	4
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	5
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	6-60

«ТАУ-КЕН САМУРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛАТЫН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – «Компания») басшылығы және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі – «Топ») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ осы күні аяқталған жыл ішіндегі оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысын және капиталдағы өзгерістерді Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес шығарған (бұдан әрі – «БХЕСК») Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес шынайы көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға жауапты болады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды дәйекті қолдану;
- осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салыстырмалылығы мен түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ақпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді ұсыну;
- негізделген орынды бағалар мен жорамалдарды қолдану;
- ХҚЕС талаптарын орындау шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылардың белгілі бір мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топ қызметінің қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне тигізетін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашу; және
- Топтың өз қызметін таяу болашақта үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін жауапты болады.

Басшылық сондай-ақ:

- Топтың ішкі бақылауының тиімді және сенімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- кез келген сәтте Топтың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты жеткілікті дәлдік дәрежесімен дайындауға және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХБЕСК шығарған ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есепті жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар қабылдау; және
- алаяқтық және өзге де теріс пайдалану фактілерін анықтау және болдырмау үшін жауапты болады.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ басшылығы 2026 жылғы 26 ақпанда бекітті.

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор



Жумагулов

Бас бухгалтер

А.М. Упина

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ акционері мен басшылығына

Пікір

Біз «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ және оның еншілес компанияларының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл үшін пайда мен залал және өзге де жиынтық кірістер туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде Топтың 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері және ақша қаражатының қозғалысы туралы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес шынайы және объективті ақпаратты ұсынады.

Пікір білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз бұдан әрі біздің қорытындымыздың *«Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған. Біз Топқа қатысты Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіби бухгалтерлерінің этика кодексіне* (БХЭСК кодексі) сәйкес тәуелсізбіз және біз БХЭСК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты деп есептейміз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу кезінде неғұрлым маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің контекстінде және ол туралы біздің пікірімізді қалыптастыру кезінде қаралды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

«Қазцинк» ЖШС қауымдастырылған ұйымына инвестициялар

Топ үлестік қатысу әдісін қолдана отырып, «Қазцинк» ЖШС инвестициясын ескереді. 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ 119,936,049 мың теңге мөлшерінде қауымдасқан ұйымның таза пайдасындағы үлесті таныды.

«Қазцинк» ЖШС функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылады, осыған байланысты АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамының өзгеруі қауымдасқан ұйым көрсеткіштерін қайта есептеудің дұрыстығына және Топ үлесінің пайдада және өзге де жиынтық кірісте көрсетілуіне әсер етеді. Соманың маңыздылығын және валюталық қайта есептеудің әсерін ескере отырып, біз бұл мәселені аудиттің негізгі мәселесі ретінде айқындадық.

Осы тәуекелге қатысты біздің аудиторлық рәсімдеріміз мыналарды қамтыды:

- қауымдасқан ұйымның таза активтеріндегі Топтың үлесін және пайдасын танудың дұрыстығын тексеру;
- өзге де жиынтық кіріс құрамында шетел валютасын қайта есептеуден түскен кірістің көрсетілуін тексеру;
- аудиторлардың жұмыс құжаттарына шолу қауымдасқан ұйымның аудиторлардың жұмыс құжаттарына шолу;
- қолданылған валюта бағамдарын және есептеулердің математикалық дәлдігін тексеру.

Еншілес компанияны сатуға арналған істен шығу тобы ретінде жіктеу

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ «Алайғыр» БК» ЖШС еншілес компаниясының 100% үлесін сатып алу-сату шартын жасады. Осыған байланысты осы компанияның активтері мен міндеттемелері ХҚЕС (IFRS) 5 сәйкес сатуға арналған істен шығу тобы ретінде жіктелді.

Жіктеу критерийлерін орындауды айқындау және сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі баланстық құны мен әділ құны бойынша шығу тобын бағалау басшылықтың кәсіби пайымын қолдануды талап етеді. Операцияның маңыздылығына байланысты біз бұл мәселені аудиттің негізгі мәселесі ретінде айқындадық.

Осы тәуекелге қатысты біздің аудиторлық рәсімдеріміз мыналарды қамтыды:

- еншілес компанияның сатып алу-сату шартын талдау;
- IFRS 5 критерийлерінің орындалуын бағалау;
- істен шығу тобын бағалауды тексеру;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашуды талдау.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау

«Шалқия» кен орнында полиметалл кендерін өндіруге арналған келісімшарт (бұдан әрі - «Келісімшарт») бойынша Топтың Келісімшарт бойынша қаржылық міндеттемелері және өзге де талаптары бар. Келісімшарттағы ережелерді орындамау тиісті Келісімшартты айыппұлдарға, өсімдерге, шектеуге, тоқтата тұруға немесе кері қайтарып алуға әкеп соғуы мүмкін.

Осы тәуекелге қатысты біздің аудиторлық рәсімдеріміз мыналарды қамтыды:

- қолданыстағы Келісімшартты және оған барлық өзекті толықтырулар мен қосымшаларды талаптардың сақталуы тұрғысынан талдау;
- қолданыстағы жұмыс бағдарламасының қаржылық және өзге де талаптарының сақталуын талдау және тексеру;
- Келісімшартқа қатысты Топтың Директорлар кеңесі жиналыстарының хаттамаларына шолу;
- Топтың мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасына қатысты Топтың Келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындау тұрғысынан кіріс және шығыс хат-хабарларына шолу;
- Топтың бизнес-жоспарына шолу.

Еншілес компанияның негізгі құралдарының ықтимал құнсыздануы

Топтың еншілес компанияларының бірі байыту фабрикасын салу және кеніштің өндірістік қуатын кеңейту жөніндегі жобаны іске асыру сатысында. Еншілес компанияның басшылығы қорғасын мен мырыштың болжамды бағаларын, сондай-ақ инфляция мен валюталардың айырбас бағамдарының болжамды көрсеткіштерін қоса алғанда, бекітілген бизнес-жоспар мен болжамды алғышарттар негізінде негізгі құралдардың өтелетін құнына (құнсыздануға арналған тест) бағалау жүргізді.

Негізгі құралдардың өтелетін құнын бағалау болашақ ақша ағындарының болжамын және дисконттау мөлшерлемесін айқындауды қоса алғанда, басшылықтың елеулі кәсіби пайымдауларын қолдануды талап етеді. Тиісті активтердің маңыздылығына және бағалау рұқсаттарын пайдалануға байланысты біз бұл мәселені аудиттің негізгі мәселесі ретінде айқындадық.

Осы тәуекелге қатысты біздің аудиторлық рәсімдеріміз мыналарды қамтыды:

- жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың талаптарын және оған езекті толықтыруларды талдау;
- жобаның қолданыстағы жұмыс бағдарламасын талдау;
- негізгі құралдардың құнсыздану индикаторларының болуын бағалау;
- басшылық жүргізген негізгі құралдардың өтелетін құнын және пайдаланылған негізгі жорамалдарды талдау, оның ішінде:
 - кенді өндірудің болжамды көлемі;
 - қорғасын мен мырышқа болжамды бағалар;
 - болжамды операциялық және күрделі шығындар;
 - болашақ ақша ағындарының келтірілген құнын есептеу кезінде пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесі;
- өтелетін құн есебінің математикалық дәлдігін тексеру;
- шоғырландырылған қаржылық есептілікте құнсыздануға арналған тест туралы ақпаратты ашуды талдау.

Басқа мәліметтер

Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және осы күнге аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін ол бойынша 2025 жылғы 06 наурызда өзгертілмеген пікір білдірген басқа аудитор тексерді.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін, және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмайтын жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтар болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығаруда ақылға қонымды сенімділік алу болып табылады.

Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит олар болған кезде әрқашан елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды.

Бұрмалаулар жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне жеке немесе жиынтығында әсер етуі мүмкін деп негізді болжауға болса, елеулі болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз төмендегілерді орындаймыз:

- жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер өзін-өзі тексереміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды,

жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;

- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді өзірлеу мақсатында, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз; қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын, бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы ұйғарымды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды шығарамыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде - нәтижесінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда шоғырландырылған қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінше ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соқтыруы мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей болып ұсынылуын бағалауды жүргіземіз.

Біз жоспарланған аудит көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде аудит процесінде біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.



Адилжан Кенжеулов
«Russell Bedford
A+ Partners» ХАК» ЖШС
Аудит жөніндегі серіктесі
Аудитордың біліктілік куәлігінің №1-
ПН 0001018, 30.01.2020 ж.



Долганай Кудайбергенова
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК»
ЖШС Бас директоры
Аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған №18013076 мемлекеттік
лицензиясын Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік
аудит комитеті 2018 жылғы «03»
шілдеде берген.

050000, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы
Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 34

2026 жылғы 26 ақпан



«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	8	116,522,248	123,462,493
Материалдық емес активтер	9	46,867,566	46,898,346
Қауымдасқан ұйымдарға инвестициялар	10	520,982,794	545,252,348
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		–	1,341,923
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	29	1,852,057	1,694,458
Тауар-материалдық қорлар	11	397,110	3,254,354
Тестілік өндіруге байланысты ұзақ мерзімді активтер		–	4,120,562
Инвестициялық бағалы қағаздар	12	16,183,922	5,458,805
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты		3,547,861	3,551,211
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	13	58,190,163	39,952,459
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		764,543,721	774,986,959
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар	11	30,376,186	20,023,633
Инвестициялық бағалы қағаздар	12	18,090,919	–
Дебиторлық берешек	14	22,758,755	14,537,287
Қорға берілген қарыз	15	–	9,868,907
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		432,490	267,249
Ақша қаражаты және олардың баламалары	16	142,473,002	81,395,122
Өзге қысқа мерзімді активтер	17	1,381,795	826,479
Сатуға арналған айналымнан тыс активтер	18	19,604,529	–
Қысқа мерзімді активтер жиыны		235,117,676	126,918,677
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		999,661,397	901,905,636
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Капитал			
Жарғылық капитал	19	259,813,094	259,321,827
Бөлінбеген пайда		174,223,622	52,589,275
Капиталдың өзге де құрауыштары	19	434,548,285	450,791,326
Бас ұйымның акционеріне келетін капитал		868,585,001	762,702,428
Иеленудің бақыламайтын үлестері	19	29,510	27,857
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		868,614,511	762,730,285



«ТАУ-КЕН САМУРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

Мың теңгемен	Еск.	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттеме	29	13,025,384	12,068,702
Жалдау бойынша міндеттемелер		129,699	96,808
Шығарылған борыштық міндеттемелер	21	71,508,140	77,572,875
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	22	1,496,392	1,522,640
Еншілес ұйымды сатып алғаны үшін кредиторлық берешек	22	–	1,640,715
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	23	846,314	962,791
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		87,005,929	93,864,531
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Кредиторлық берешек	22	32,400,906	17,328,665
Еншілес ұйымды сатып алғаны үшін кредиторлық берешек	22	2,252,701	1,500,000
Сот талаптары бойынша міндеттемелер резерві	30	7,028,740	5,132,122
Жалдау бойынша міндеттемелер		182,539	173,353
Шығатын топтарға байланысты міндеттемелер		585,378	–
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		351,665	–
Өзге де кредиторлық берешек	22	143,435	19,805
Алынған қарыздар	20	–	20,365,271
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	23	1,095,593	791,604
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны		44,040,957	45,310,820
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		131,046,886	139,175,351
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		999,661,397	901,905,636

6-60-беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Бас бухгалтер

2026 жылғы 26 ақпан

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы



«ТАУ-КЕН САМУРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗАЛАЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	2025 жыл	2024 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	24	1,941,528,907	1,263,267,315
Сатылған өнімнің өзіндік құны	25	(1,927,504,330)	(1,253,578,641)
Жалпы пайда		14,024,577	9,688,674
Жалпы әкімшілік шығыстар	26	(4,086,920)	(3,671,930)
Өткізу бойынша шығыстар		(90,345)	(87,481)
Басқа операциялық кірістер		17,927	21,107
Басқа операциялық шығыстар		(11,871)	(475)
Операциялық кіріс		9,853,368	5,949,895
Қаржылық кірістер	27	14,727,253	7,565,167
Қаржылық шығыстар	28	(8,869,384)	(2,347,843)
Қауымдасқан ұйымдардың таза пайдасындағы/(залалындағы) үлесі	10	117,190,625	64,376,382
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв		174,104	(449,375)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан резервті есептеу		(6,654,585)	(7,921,346)
Жер койнауын пайдалануға арналған келісімшарттар мен лицензиялардың істен шығуынан болған залалдар		–	(242,583)
Бағамдық айырмадан таза (залал)/кіріс		1,131,005	(4,319,453)
Өзге де операциялық емес кірістер		760,260	717,115
Өзге де операциялық емес шығыстар		(2,977,295)	(1,724,011)
Еншілес ұйымдардың шығуынан кірістер	7	91,571	8,925,254
Қауымдасқан ұйымдардың шығуынан кірістер	7	–	1,149,895
Салық салынғанға дейінгі бір жыл ішіндегі пайда		125,426,922	71,679,097
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	29	(2,697,115)	(1,220,990)
Жыл ішіндегі пайда		122,729,807	70,458,107
Мыналарға келетін жыл ішіндегі пайда:			
Бас ұйымның акционері		122,728,154	70,463,721
Иеленудің бақыламайтын үлестері	19	1,653	(5,614)
		122,729,807	70,458,107
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс/(залал)			
Есептілік валютасын қайта есептеуден кіріс/(залал)	10	(16,243,041)	74,810,178
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны		106,486,766	145,268,285
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны:			
Бас компанияның акционері		106,485,113	145,273,899
Иеленудің бақыламайтын үлестері	19	1,653	(5,614)
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны		106,486,766	145,268,285
Жай акцияға шаққандағы пайда:			
Жай акцияларды ұстаушыларға келетін жыл ішіндегі теңгедегі базалық және ажыратылған пайда	19	417,589	239,746

6-60-беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Бас бухгалтер

2026 жылғы 26 ақпан

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы



«ТАУ-КЕН САМУҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	2025 жыл	2024 жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:			
Сатып алушылардан түсетін ақшалай түсімдер		1,933,339,393	1,263,136,075
Алынған пайыздар		10,221,874	2,558,670
Төленген пайыздар		–	(5,705,742)
Жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(1,925,588,032)	(1,261,311,820)
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(3,445,622)	(3,428,868)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(355,348)	(627,002)
Өзге де салықтар мен төлемдер		(1,335,984)	(567,546)
Өзге де ақшалай түсімдер		414,770	1,289,412
Өзге де төлемдер		(725,398)	(531,536)
Операциялық қызметтен (пайдаланылған)/алынған ақша қаражаты		12,525,653	(5,188,357)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:			
Негізгі құралдарды сатып алу		(28,317,724)	(12,044,611)
Өзге де ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		(65,518)	–
Материалдық емес активтерді сатып алу	9	(28,535)	(15,939)
Қауымдасқан ұйымдардан алынған дивидендтер	10	125,222,138	31,539,101
Шығарылған компаниялардың ақшалай қаражатын шегергендегі еншілес ұйымдардағы қатысу үлестерін сатудан түскен түсімдер	7	126,339	8,183,623
Облигацияларды өтеу		(29,596,445)	–
Қауымдасқан ұйымдарды сатып алу		(5,000)	–
Қауымдасқан ұйымдардағы қатысу үлестерін сатудан түсетін түсімдер	7	–	1,150,000
Еншілес ұйымдардың сатып алған ақшалай қаражатын шегергендегі еншілес ұйымдарды сатып алу	6	–	(2,325)
Бас ұйымға берілген қарызды өтеу	15	11,442,396	7,000,000
Ұйымдарға сенімгерлік басқарудағы қарыздар беру		–	(55,406)
Еншілес ұйымды сатып алғаны үшін кредиторлық берешекті өтеу	22	(1,500,000)	(1,500,000)
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатын қайтару		–	1,414,125
Инвестициялық қызмет бойынша өзге де түсімдер/(төлемдер)		4,199,007	30,000
Инвестициялық қызметтен алынған ақша қаражаты		81,476,658	35,698,568
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША АҒЫНДАРЫ:			
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	20	–	3,786,153
Алынған қарыздар бойынша төлемдер	20	(20,622,625)	(63,557,132)
Жалға алу бойынша негізгі соманы төлеу		(144,845)	(106,238)
Шығарылған облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу	21	(11,901,496)	–
Борыштық міндеттемелерді шығару	21	–	83,422,085
Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражаты		(32,668,966)	23,544,868



«ТАУ-КЕН САМУРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҮШІН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	2025 жыл	2024 жыл
Жыл ішінде ақша қаражатының және олардың баламаларының таза өзгеруі		61,333,345	54,055,079
Шығу топтарына қайта топтастырылған еншілес ұйымдардың ақша қаражаты		(13,212)	–
Ақша қаражатына айырбас бағамының өзгеру әсері және олардың баламалары		(581,022)	27,340
Ақша қаражаты және олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервтегі өзгерістер	16	338,769	(258,884)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		81,395,122	27,571,587
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	16	142,473,002	81,395,122

6-60-беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Бас бухгалтер

2026 жылғы 26 ақпан

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы



«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН
КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	Бас ұйымның акционеріне келетін капитал				Иеленудің бақыламайтын үлестері	Капитал жиыны
		Жарғылық капитал	Капиталдың өзге де құрауыштары	Шектелмеген пайда/(жинақталған залал)	Жиыны		
2023 жылғы 31 желтоқсанға		259,321,827	375,981,148	(22,759,379)	612,543,596	33,471	612,577,067
Жыл ішіндегі пайда		-	-	70,463,721	70,463,721	(5,614)	70,458,107
Өзге де жиынтық залал	10	-	74,810,178	-	74,810,178	-	74,810,178
<i>Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны</i>							
Қорға берілген қарыздың әділ құнын түзету	15	-	74,810,178	70,463,721	145,273,899	(5,614)	145,268,285
Шығарылған борыштық міндеттемелердің әділ құнына дейін түзету	21	-	-	(1,555,954)	(1,555,954)	-	(1,555,954)
2024 жылғы 31 желтоқсанға		259,321,827	450,791,326	52,589,275	762,702,428	27,857	762,730,285
Акциялар шығару	19	491,267	-	(217,365)	273,902	-	273,902
Жыл ішіндегі пайда		-	-	122,728,154	122,728,154	1,653	122,729,807
Өзге де жиынтық кіріс	10	-	(16,243,041)	-	(16,243,041)	-	(16,243,041)
<i>Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны</i>							
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс жиыны		491,267	(16,243,041)	122,510,789	106,759,015	1,653	106,760,668
Облигациялар бойынша міндеттемелердің әділ құнын түзету	21	-	-	(876,442)	(876,442)	-	(876,442)
2025 жылғы 31 желтоқсанға		259,813,094	434,548,285	174,223,622	868,585,001	29,510	868,614,511

6-60-беттердегі ескертпелер осы шотырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Экономика және қаржы жөніндегі бас директор

Бас бухгалтер

2026 жылғы 26 ақпан
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Р.Б. Жумагулов

А.М. Улина



«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Тау-Кен Самұрық» немесе «Компания») және оның еншілес ұйымдары (бірлесіп – «Топ») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2009 жылы құрылды.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») болып табылады. Қордың жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Компанияның тіркелген кеңсесі Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10 мекенжайы бойынша орналасқан.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қызметкерлерінің саны 513 адамды құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 464 адам).

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қамтиды.

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания мынадай еншілес ұйымдарға ие болды:

Еншілес ұйымдар	Қызмет түрі	Өңір	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
«ШалкияЦинк ЛТД» АҚ	Аралас корғасын-мырыш кенін барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қызылорда облысы	100,00%	100,00%
«Тау-Кен Алтын» ЖШС	Алтынды аффинаждау және алтын мен күміс құймаларын өндіру	Астана	100,00%	100,00%
«Солтүстік Қатпар» ЖШС	Вольфрамды өндіру	Қарағанды облысы	100,00%	100,00%
«Алайғыр БК» ЖШС	Полиметалл кендерін өндіру	Қарағанды облысы	100,00%	100,00%
«Қазгеология» ҰГК» АҚ	Геологиялық барлау жұмыстары, ұңғымаларды бұрғылау	Астана	100,00%	100,00%
«Масальский ТКК» ЖШС	Темір кендерін әзірлеу және өндіру	Ақмола облысы	99,19%	99,19%
«Ақмолит» ЖШС	Минералдық шикізатты өндіру	Ақмола облысы	100,00%	-
«Мархит» ЖШС	Бағалы металдарды және сирек кездесетін металдардың кендерін өндіру	Ақмола облысы	100,00%	-

Негізгі қызметі

Топ жер койнауын пайдалану жөніндегі қызметті мынадай салаларда жүзеге асырады:

- қатты пайдалы қазбаларды барлау, игеру, өндіру, қайта өңдеу және өткізу;
- тау-кен металлургия саласының еншілес және қауымдасқан ұйымдарын басқару;
- тау-кен металлургия өнеркәсібінде ғылымды қажетсінетін және тиімді жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу;
- Қазақстан Республикасының минералдық-шикізат базасын молайту;
- кен орындарының баланстан тыс қорларын игеру.



2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Сәйкестік қағидаты

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - «БХЕСК») шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Дайындау қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік бастапқы құн негізінде дайындалды.

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қазақстан теңгесімен (бұдан әрі - «теңге») ұсынылған. Функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылатын қауымдасқан ұйымның шоғырландырылған қаржылық есептілігін қоспағанда, Топтың функционалдық валютасы және шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы теңге болып табылады. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, мыңға дейін дөнгелектелген.

Қызметтің үздіксіздігі қағидаты

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Топ қызметтің үздіксіздігі қағидатын ұстанатыны туралы жорамалға сүйене отырып, ХҚЕС-ке сәйкес дайындалды. Бұл таяу болашақта оның әдеттегі шаруашылық қызметі барысында активтерді сату мен міндеттемелерді өтеуді көздейді. Топ басшылығы Топ өзінің үздіксіз қызметін жалғастыра алады деп санайды. Топ басшылығының тарату немесе қызмет ауқымын айтарлықтай қысқарту ниеті де, қажеттілігі де жоқ.

Есептеу қағидаты

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есептеу қағидатына сәйкес дайындалды. Есептеу қағидаты шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ төлем уақытына қарамастан, оларды жасау фактісі бойынша оқиғаларды тануды болжайды. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және оларға жататын кезеңдердің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне енгізіледі.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік элементтерін тану

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді ретінде жүктеу

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді жіктеу негізінде ұсынады. Актив, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде сату немесе тұтыну үшін іске асыру көзделеді немесе ол арналса;
- ол негізінен сауда мақсаттары үшін ұсталса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай шегінде іске асыру болжанып отырса; немесе
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай бойы қолданылатын міндеттемелерді өтеу үшін оны айырбастауға немесе пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақша қаражатын немесе ақша қаражатының баламасын білдірсе, қысқа мерзімді болып табылады.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.



2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шоғырландырылған қаржылық есептілік элементтерін тану (жалғасы)

Активтер мен міндеттемелерді қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді ретінде жіктеу (жалғасы)

Міндеттеме, егер:

- оны әдеттегі операциялық цикл шеңберінде реттеу көзделсе;
- ол сауда мақсаттары үшін басымдықпен ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі ай ішінде реттелуге тиіс болса; немесе
- ұйымның міндеттемені реттеуді есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы жоқ болса, қысқа мерзімді болып табылады.

Топ барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Шетел валютасын қайта есептеу

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде функционалдыдан ерекшеленетін валютадағы (шетел валютасындағы) мәмілелер мәміле жасалған күнгі бағам бойынша көрсетіледі. Шетел валютасымен көрсетілген монетарлық баптар шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау күніне тиісті валюта бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында ескерілетін және әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнын айқындау күні қолданыста болған айырбастау бағамдары бойынша қайта есептеуге жатады. Шетел валютасымен көрсетілген тарихи құны бойынша көрсетілген монетарлық емес баптар қайта есептелмейді. Валюта бағамдарының өзгеруі нәтижесінде туындайтын ақша баптары бойынша бағамдық айырмалар пайда немесе залалдар пайда болған кезеңде көрсетіледі.

Қазақстан қор биржасының негізгі сессиясында қалыптасқан орташа алынған айырбас бағамдары (бұдан әрі - «ҚҚБ») Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде пайдаланылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде Топ пайдаланған ҚҚБ валюталық айырбастау бағамдары мыналар болып табылады:

Теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылға орта есеппен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылға орта есеппен
1 АҚШ доллары	502.57	521.59	525.11	469.44
1 еуро	591.68	590.15	546.74	507.86
1 ресей рублі	6.42	6.28	4,88	5.08

Шоғырлану қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік 1-ескертпеде тізімі келтірілген Компания бақылайтын Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігін қамтиды.

Бақылау, егер Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін кірістердің өзгеру тәуекеліне ұшыраған немесе осындай кірістерді алуға құқығы, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы осы кірістерге ықпал ету мүмкіндігі болған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ мынадай шарттар орындалған жағдайда ғана инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни инвестициялар объектісінің маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолданыстағы құқықтар);
- тәуекелге ұшырау тобында инвестициялар объектісіне қатысудан түскен кірістердің өзгеруі немесе осындай кірістерді алу құқықтарының болуы;
- Топтың кірістер шамасына ықпал ету үшін өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігінің болуы.



2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шоғырландыру қағидаттары (жалғасы)

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көпшілігі бақылаудың болуына себепші болады деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топта дауыс беру құқықтарының көпшілігі аз болған немесе инвестициялар объектісіне қатысты ұқсас құқықтар болған кезде Топ осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:

- инвестициялар объектісіндегі дауыс беру құқықтарын өзге де ұстаушылармен келісім (келісімдер);
- басқа келісімдерде көзделген құқықтар;
- Топта бар дауыс беру құқықтары және әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен мән-жайлар бақылаудың үш құрамдас бөлігінің біреуінің немесе бірнешеуінің өзгергенін куәландырса, Топ инвестициялар объектісіне қатысты бақылаудың болуын қайта талдайды. Еншілес ұйымды шоғырландыру Топ еншілес ұйымды бақылауды алғаннан кейін басталады және Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтқан кезде тоқтатылады. Сатып алынуы немесе шығуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары шоғырландырылған қаржылық есептілікке Топ бақылау алған күннен бастап енгізіледі және Топ еншілес ұйымға бақылау жасаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кірістің әрбір құрамдасы, егер бұл бақыламайтын қатысу үлестерінің теріс сальдосына әкеп соқтырған жағдайдың өзінде де, Топтың бас ұйымының акционерлеріне және бақыламайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болған кезде еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі осындай ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топ ішіндегі операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде туындайтын барлық топшілік активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар мен ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алып тасталады.

Еншілес ұйымдағы қатысу үлесінің бақылауды жоғалтпай өзгеруі меншікті капиталмен операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылауды жоғалтса, ол тиісті активтерді (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерді, бақыламайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың өзге де компоненттерін тануды тоқтатады және пайда немесе залалдың құрамында пайда болған пайданы немесе залалды таниды. Қалған инвестициялар әділ құн бойынша танылады.

Иеленудің бақыламайтын үлестері

Иеленудің бақыламайтын үлестері еншілес ұйымның капиталына қатысу үлестерін білдіреді, негізгі компанияның Акционеріне тікелей немесе жанама жатқызылмайды. Иеленудің бақыламайтын үлестері пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жеке, ал қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте – негізгі компанияның акционерлік капиталынан бөлек меншікті капиталдың құрамында ұсынылады.

Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Қауымдасқан ұйым - бұл, әдетте, дауыс беру құқықтарының 20%-дан 50%-ына дейін Топқа тиесілі немесе Топ елеулі ықпал ететін немесе елеулі ықпал етуге өзге де мүмкіндігі бар, бірақ бұл ретте Топтың бақылауында немесе Топ пен басқа тараптардың бірлескен бақылауында болмайтын ұйым. Елеулі әсер - бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдер қабылдауға қатысу өкілеттігі, бірақ бұл саясатты бақыламау немесе бірлесіп бақылау.

Бірлескен кәсіпорын - қызметті бірлесіп бақылайтын тараптарда қызметтің таза активтеріне құжығарынның болуын көздейтін бірлескен кәсіпкерлік. Бірлескен бақылау - маңызды қызметке қатысты шешімдер қабылдау бақылауды бөлетін тараптардың бірауыздан келісімін талап еткен кезде ғана орын алатын қызметті бақылауды шартта көзделген бөлу.



2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)

Елеулі ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын айқындау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын айқындау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас. Топтың оның қауымдасқан ұйымына және бірлескен кәсіпорынға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция бастапқыда гудвилді қамтитын бастапқы құн бойынша танылады. Инвестицияның баланстық құны кейіннен сатып алу күнінен кейін туындайтын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның таза активтеріндегі Топтың үлесіндегі өзгерістерді тану салдарынан түзетіледі. Қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға жататын гудвилл инвестицияның баланстық құнына енгізіледі және құнсыздануға жеке тестіленбейді.

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Алайда, егер қауымдасқан ұйымның шығындарындағы Топтың үлесі оның қауымдасқан ұйымдағы қатысу үлесіне тең немесе одан асатын болса, Топ қауымдасқан ұйымның немесе оның атынан төлемдерді жүзеге асыруға міндетті жағдайларды қоспағанда, Топ одан арғы шығындарды танымайды. Мұндай инвестициялар объектілерінің өзге де жиынтық кірісінің өзгерістері Топтың өзге де жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Бұдан басқа, егер қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның меншікті капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ мұндай өзгерістің өз үлесін таниды және бұл қолданылатындай болған кезде меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте осы фактіні ашады. Топтың қауымдасқан ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайда немесе залалдар, тиісті операция берілген активтің құнсыздануын куәландыратын жағдайларды қоспағанда, Топтың қауымдасқан ұйымда немесе бірлескен кәсіпорында қатысу үлесі бар дәрежеде алып тасталады.

Қауымдасқан ұйымның және бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы немесе залалындағы Топтың үлесі операциялық пайда шеңберінен тыс пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте тікелей ұсынылған. Ол қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның еншілес ұйымдарындағы бақыламайтын қатысу үлестеріне салық салынғаннан және есепке алынғаннан кейінгі пайданы немесе залалды білдіреді.

Қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі сияқты есепті кезең үшін жасалады. Қажет болған жағдайда оған есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға өзінің инвестициясы бойынша құнсызданудан болатын қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Әрбір есепті күнге Топ қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың құнсыздануын объективті растаудың болуын белгілейді. Осындай растаулар болған жағдайда Топ құнсыздану сомасын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «Қауымдасқан ұйым мен бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес» бабында пайда немесе залал туралы есепте таниды.

Қауымдасқан ұйымға елеулі ықпалын немесе бірлескен кәсіпорынға бірлескен бақылауды жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және таниды. Елеулі ықпалды немесе бірлескен бақылауды жоғалту сәтіндегі қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны мен істен шығудан түскен түсімдер арасындағы айырма пайданың немесе залалдың құрамында танылады.



2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет

Топ ұзақ мерзімді активтер мен істен шығатын топтарды, егер олардың баланстық құны жалғасып отырған пайдалану нәтижесінде емес, негізінен оларды сату арқылы өтеуге жататын болса, сатуға арналған топтар ретінде жіктейді. Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активтер мен істен шығатын топтар сатуға арналған шығындарды шегере отырып, екі мәннің ең азы - баланстық құны және әділ құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған шығындар активтің (немесе шығатын топтың) шығуына тікелей жататын қосымша шығындар болып табылады және қаржыландыру бойынша шығындар мен пайдаға салынатын салық бойынша шығыстарды қамтымайды.

Объектіні сатуға арналған ретінде жіктеу критерийі, егер сату ықтималдығы жоғары болған жағдайда ғана сақталған болып есептеледі, ал актив немесе шығатын топ өзінің ағымдағы жай-күйінде дереу сатылуы мүмкін. Сатуды жүзеге асыру үшін қажетті іс-әрекеттер сату жөніндегі іс-әрекеттердегі елеулі өзгерістердің, сондай-ақ сатудың күшін жоюдың аз ықтималдығын көрсетуі тиіс. Басшылық активті сату жөніндегі жоспарды іске асыру бойынша өзіне міндет алуы тиіс және сату жіктелген күннен бастап бір жыл ішінде аяқталады деп күтілуі тиіс.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін амортизацияға жатпайды.

Сатуға арналған ретінде жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте айналым/қысқа мерзімді баптар ретінде жеке ұсынылады.

Шығып қалатын топ тоқтатылған қызмет ретінде жіктеу критерийлерін, егер ол шығып қалған не сатуға арналған ретінде жіктелетін ұйымның компоненті болып табылса және:

- қызметтің жекелеген маңызды бағытын немесе операциялар жүргізудің географиялық өңірін білдірсе;
- қызметтің жекелеген маңызды бағытын немесе операцияларды жүргізудің географиялық ауданын шығарудың бірыңғай үйлестірілген жоспарының бір бөлігі болып табылса; не
- кейіннен қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылса, қанағаттандырады.

Тоқтатылған қызмет жалғасатын қызмет нәтижелерінен алынып тасталады және тоқтатылған қызметтен салық салынғаннан кейінгі пайда немесе залал ретінде жеке баппен пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте ұсынылады.

Бизнесті біріктіру

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алу күнгі әділ құн бойынша бағаланған берілген өтемнің және сатып алынатын ұйымдағы иеленудің бақыламайтын үлесінің сомасы ретінде бағаланады. Топ бизнестің әрбір бірлестігі үшін сатып алынатын ұйымдағы иеленудің бақыламайтын үлесін сатып алынатын ұйымның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі барабар үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шығындар олар жұмсалған кезде жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол шарт талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті шарттарға байланысты сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісінше жіктейді және белгілейді. Бұған сондай-ақ сатып алынатын ұйымның негізгі шарттарға кіріктірілген туынды құралдарды бөлу қажеттілігі мәніне талдау жатады.



2. ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (ЖАЛҒАСЫ)

Бизнесті біріктіру (жалғасы)

Бизнесті сатып алу күніне кезең-кезеңімен біріктірген жағдайда сатып алынатын ұйымдағы бұрын сатып алушыға тиесілі қатысу үлесінің әділ құны айырмашылығы пайда немесе залалдың құрамына жатқызыла отырып, оның осы күнгі әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Сатып алушы беруге жататын шартты өтем сатып алу күнгі әділ құн бойынша танылады. Қаржы құралы болып табылатын және ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» стандартын қолдану аясына кіретін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтеу әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі не пайданың немесе залалдың құрамында, не өзге де жиынтық кірістің өзгерісі ретінде танылады. Егер шартты өтеу ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары: тану және бағалау» стандартын қолдану аясына жатпаса, ол басқа қолданылатын ХҚЕС-ке сәйкес бағаланады. Егер шартты өтеу меншікті капитал ретінде жіктелсе, ол кейіннен қайта бағаланбайды және оны өтеу капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвилл бастапқыда берілген өтем сомасының және иеленудің бақыламайтын танылған үлесінің және сатып алушыға бұрын тиесілі қатысу үлестерінің Топ сатып алған сәйкестендірілетін активтер сомасынан және ол қабылдаған міндеттемелерден асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құн бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтеу сомасынан асып кетсе, Топ барлық сатып алынған активтерді және барлық қабылданған міндеттемелерді, сондай-ақ сатып алу күні танылуы тиіс сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған рәсімдерді айқындаудың дұрыстығын қайта талдайды. Егер қайта талдаудан кейін берілген өтем қайтадан таза сатып алынған активтердің әділ құнынан аз болса, пайдалы сатып алудан түскен пайда пайда немесе залалдың құрамында танылады.

Кейіннен гудвилл құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, бастапқы құн бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвиллді құнсыздану мәніне тексеру мақсаттары үшін Топ еншілес ұйымды сатып алған күннен бастап гудвилл, еншілес ұйымның басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бөлімшелерге жататынына немесе жатпайтынына қарамастан, бизнесті біріктіруден пайда табады деп болжанатын ақша ағындарын туындататын Топтың әрбір бөлімшесіне бөлінеді.

Егер гудвилл ақша ағындарын туындататын бөлімшенің бір бөлігін құраса және осы бөлімшенің бір бөлігі шығып қалса, шығып қалатын қызметке жататын гудвилл оның шығып қалуынан пайда немесе залалды айқындау кезінде осы қызметтің баланстық құнына енгізіледі. Мұндай жағдайларда істен шыққан гудвилл істен шыққан қызмет құны мен ақша ағындарын туындататын бөлімшенің қалған бөлігі құнының арақатынасы негізінде бағаланады.

Бизнесті жалпы бақылаумен біріктіру

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды (түпкі Акционер бақылайтын ұйымдар) сатып алуды есепке алу үлестерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Жалпы бақылаудағы еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте олардың баланстық құны бойынша беруші компанияның (алдыңғы иеленушінің) беру күнгі есептілігінде көрсетіледі. Алдыңғы иесі – ұйымды бастапқы сатып алу кезінде пайда болған гудвилл де осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Алдыңғы иесінің гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы баланстық құны мен төленген қаражат сомасы арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте капиталды түзету ретінде ескеріледі.



3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

Есепті кезеңде күшіне енген стандарттар мен түзетулер

ХҚЕС (IAS) 21 «Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері» түзетуі - валюта айырбасталымының болмауы

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап екі валюта арасында айырбастау мүмкін болмаған жағдайларда айырбас бағамын айқындау тәртібін белгілейтін ХҚЕС (IAS) 21 «Валюталық бағамдардың өзгеруінің әсері» түзетуі күшіне енді.

Түзету мыналарды енгізеді:

- валютаны айырбасталмайтын деп тану өлшемдері;
- бағалау күніне реттелген айырбастау операциясы жүзеге асырылуы мүмкін бағамды көрсетуге тиіс баламалы айырбастау бағамын айқындауға қойылатын талаптар;
- қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға қойылатын қосымша талаптар.

Түзету бастапқы қолданылған күннен бастап перспективалы түрде қолданылады. Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу талап етілмейді. Бастапқы қолдану тиімділігі қолданылатын қаржылық есептіліктің тиісті баптарының кіріс қалдықтарының құрамында көрсетіледі.

Топ басшылығы осы түзетудің қолданылуына талдау жүргізді және оны қолдану Топтың қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне елеулі әсер етпеді деген қорытындыға келді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар мен түзетулер

ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ақпарат беру және ашу»

ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікті ұсыну» ХҚЕС (IAS) 1-ді ауыстырады және қаржылық есептілікте ақпаратты ұсынуға және ашуға қойылатын жаңа талаптарды белгілейді.

Негізгі өзгерістер мыналарды қамтиды:

кірістер мен шығыстарды пайда немесе залал туралы есепте мынадай санаттар бойынша міндетті жіктеу:

- операциялық қызмет;
- инвестициялық қызмет;
- қаржылық қызмет;
- табыс салығы;
- токтатылған қызмет;
- ХҚЕС-ке сәйкес есептелген көрсеткіштермен келісуді қоса алғанда, пайданың басқарушылық көрсеткіштерін ашуға қойылатын талаптарды енгізу;
- қаржылық нәтижелерді ұсынудың салыстырмалылығын арттыру.

Стандарт 2027 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді және ретроспективті қолдануға жатады.

Топтың басшылығы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ақпаратты ұсынуға және ашуға IFRS 18 ықтимал әсерін бағалауды жүргізеді.

ХҚЕС (IFRS) 19 «Жариялы есептілігі жоқ еншілес компаниялар: ақпаратты ашу»

ХҚЕС (IFRS) 19 топтың құрамында өзінің қаржылық есептілігін дайындау кезінде ХҚЕС қолданатын жария есептілігі жоқ еншілес компаниялар үшін ақпаратты ашуға оңайлатылған талаптарды белгілейді.

Стандарт тануға және бағалауға қойылатын талаптарды өзгертпейді, тек ашылатын ақпараттың көлеміне ғана қатысты.

Стандарт 2027 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.

Топтың басшылығы Топтың жекелеген еншілес компаниялары үшін осы стандарттың қолданылуына, сондай-ақ олардың қаржылық есептілігінде ашылатын ақпараттың көлеміне ықтимал әсеріне бағалау жүргізеді.



3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» түзетулері

2026 жылғы 1 қаңтардан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енетін ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулер қаржы құралдары бойынша ақпаратты жіктеуге, бағалауға және ашуға қойылатын талаптарды нақтылауға бағытталған.

Негізгі өзгерістер мыналарға қатысты:

- ESG-шарттары бар құралдарды қоса алғанда, шартты ақша ағындарын қамтитын қаржы активтерін жіктеу;
 - электрондық төлем платформалары арқылы жүзеге асырылатын қаржы құралдары бойынша есеп айырысуларды есепке алу;
 - амортизацияланған құны бойынша және өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері бойынша ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды кеңейту.
- Топтың басшылығы осы түзетулердің Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ықтимал әсеріне бағалау жүргізеді.

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері

ХҚЕС жыл сайынғы жетілдіру жобасы шеңберінде мынадай стандарттардың жекелеген ережелерін қозғайтын өзгерістер шығарылды:

ХҚЕС (IFRS) 1 «ХҚЕС бірінші қолдану»

ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу»

ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»

ХҚЕС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік»

ХҚЕС (IAS) 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп».

Түзетулер нақтылау және түсіндіру сипатында болады және 2026 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді.

Басшылықтың алдын ала бағалауы бойынша осы түзетулерді қолдану елеулі

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Барлау және бағалау бойынша активтер

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу бойынша шығындар

Жер қойнауын пайдалану (барлау және өндіру) құқықтарын сатып алу бойынша шығындар қол қойылатын бонустарды, тарихи шығындарды, экологиялық және әлеуметтік бағдарламаларға арналған міндетті шығыстарды қамтиды және барлау және бағалау сатысында кен орны бойынша жер қойнауын пайдалану құқығы ретінде капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу бойынша шығындарды есепке алу кен орындары бөлінісінде жүргізіледі. Әрбір кен орны жыл сайын құнсыздану мәніне қаралады. Егер кен орны бойынша болашақта жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуға жұмсалған шығындардың қалған сальдосы есептен шығарылады. Кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап жер қойнауын пайдалану құқығы минералдық ресурстардың дәлелденген қорларының жалпы сомасын негізге ала отырып, нақты өндіру бойынша өндірістік әдіс бойынша амортизацияланады.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Барлау және бағалау бойынша активтер (жалғасы)

Барлау және бағалау бойынша шығындар

Барлау және бағалау бойынша шығындар геологиялық және геофизикалық шығыстарды; тікелей бұрғылау жұмыстарына жататын шығындарды; аршу жұмыстарын; нақты кен орнына жатқызуға болатын бағалау бойынша жалпы және әкімшілік және өзге де шығыстарды қамтиды. Мұндай шығындар жалақы, материалдар мен отынды, бұрғылау станоктарын жалдау құнын және мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер минералдық ресурстар табылмаса, бұл құнсыздандудың куәлігі болып табылады.

Барлық капиталдандырылған шығындар коммерциялық әзірлеу немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілі туралы ниетін растау үшін кем дегенде жылына бір рет техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге жатады. Олай болмаған жағдайда шығындар кезең шығыстарына есептен шығарылады.

Минералдық ресурстардың қорлары дәлелденген және игеруді жалғастыру туралы шешім қабылданған кезде тиісті шығындар тау-кен активтерінің құрамына ауыстырылады.

Барлау және бағалау бойынша активтер негізгі құралдардың құрамында ескеріледі.

Тау-кен активтері

Игеру және өндіру шығындары

Игеру мен өндіруге арналған шығындар жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу бойынша бұрын капиталдандырылған (және игеру басында қайта жіктелген) шығындарды және барлау мен бағалау бойынша шығындарды; полигондар салу; кен орындарында минералдық ресурстарды өндіру, жинау және дайындау үшін қажетті жерүсті технологиялық құрылыстарын құруды; кен орындарында коммерциялық өндіруді ұйымдастыру барысында шеккен өзге де шығындарды; кеніштерді консервациялауға және учаскелерді қалпына келтіруге арналған капиталдандырылған дисконтталған шығындарды қамтиды. Игеруге және өндіруге арналған шығындар негізгі құралдардың (тау-кен активтерінің) құрамында капиталдандырылады және оларды есепке алу кен орындары бөлінісінде жүргізіледі.

Тау-кен активтерінің тозуы (негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құрамында)

Тау-кен активтері кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап нақты өндіру бойынша тозуды есептеудің өндірістік әдісін пайдалана отырып амортизацияланады. Кен орындарын пайдаланудан шығаруға арналған дисконтталған шығындарды қамтитын жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алуға арналған шығындар дәлелденген қорлардың жалпы сомасы бойынша амортизацияланады. Кен орындарын игеруге жұмсалған қалған шығындар дәлелденген игерілген қорлар есебінен амортизацияланады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозуды және олар болған жағдайда құнсыздандудан жинақталған залалдарды шегергендегі бастапқы құны бойынша есепке алынады. Мұндай құн жабдықтың бөліктерін ауыстыру құнын және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары жағдайында қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Негізгі құралдардың елеулі құрамдас бөліктерін белгілі бір уақыт аралығынан кейін ауыстыру қажет болған кезде Топ осындай құрамдас бөліктерді оларға тиісті жеке пайдалы қызмет мерзімдерімен жеке активтер ретінде таниды және оларды тиісті түрде амортизациялайды. Осыған ұқсас, негізгі техникалық байқауды жүргізу кезінде оған байланысты шығындар, егер танудың барлық критерийлері орындалса, негізгі құралдардың баланстық құнында жабдықты ауыстыру ретінде танылады.

Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған барлық өзге шығындар олар шеккен кезең пайдасын немесе залалдың құрамында танылады. Активті пайдаланудан шығару бойынша күтілетін шығындарды келтірілген құны, егер болашақ шығындарға резервті тану критерийлері орындалса, оны пайдаланғаннан кейін тиісті активтің бастапқы құнына енгізіледі. Тозу негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімін негізге ала отырып, тік сызықты әдіспен есептеледі.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Кейбір активтердің пайдалы қызметінің есептік мерзімі былайша берілген:

Негізгі құралдарды жіктеу	Пайдалану мерзімі
Ғимараттар мен құрылыстар	8-100 жыл
Машиналар, жабдықтар және көлік құралдары	2-50 жыл
Басқалар	2-20 жыл

Активтерді сату немесе істен шығару кезінде олардың құны және жинақталған тозу шығыстарға есептен шығарылады, ал олардың істен шығуы нәтижесінде туындайтын кез келген пайда немесе залал пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Ағымдағы жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған шығындар сияқты негізгі құралдарды пайдалануға бергеннен кейін шеккен шығындар әдетте осы шығындар туындаған кезеңдегі шығыстарға жатқызылады. Негізгі құралды пайдаланудан күтілетін болашақтағы экономикалық пайданың оның бастапқы бағаланған көрсеткіштерінен (пайдалы қызмет мерзімінің, қуаттың және т.б. ұлғаюы) артуына әкелетін шығындар негізгі құралдардың қосымша құны ретінде капиталдандырылады.

Тарату құны, пайдалы қызмет мерзімі және негізгі құралдың тозуын есептеу әдісі әрбір қаржы жылының аяғында қайта қаралады және осындай қажеттілік туындаған жағдайда болашақта түзетіледі.

Жалдау

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалға беру басталған күнге пайдалану құқығы нысанындағы активтерді таниды (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күн).

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған залалдар шегеріле отырып, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетумен, жалдау басталған күні немесе осындай күнге дейін жүргізілген бастапқы тікелей шығындар мен жалдау төлемдері бойынша алынған ынталандыру төлемдері шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады.

Егер Топта жалдау мерзімінің соңында ол жалға алынған активке меншік құқығын алатынына жеткілікті сенімділік болмаса, пайдалану құқығы нысанындағы танылған актив мынадай кезеңдердің неғұрлым қысқа мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады:

активті пайдалану немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер негізгі құралдардың құрамына енгізілген және құнсыздану мәніне тексеріледі.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау басталған күні Топ жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді таниды. Жалдау төлемдері жалға алу бойынша кез келген ынталандыру төлемдерін шегергендегі тіркелген төлемдерді (оның ішінде мәні бойынша тіркелген төлемдерді), индекске немесе мөлшерлемеға байланысты болатын ауыспалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленуі күтілетін сомаларды қамтиды. Егер Топтың осы опционды орындалатынына жеткілікті сенімділік болса, жалға алу төлемдері сатып алу опционының орындалу бағасын және егер жалға алу мерзімі Топтың жалға алуды тоқтату опционын ықтимал орындауын көрсететін болса, жалға алуды тоқтату үшін айыппұлдар төлеуді қамтиды. Индекске немесе мөлшерлемеға байланысты емес ауыспалы жалдау төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе шарт басталған кезеңде шығыстар ретінде танылады.



3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Жалдау (жалғасы)

Жалдау бойынша міндеттемелер (жалғасы)

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ, егер жалдау шартында салынған пайыздық мөлшерлемені оңай айқындау мүмкін болмаса, жалдау басталған күні қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздарды есептеуді көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Бұдан басқа, түрлендіру, жалдау мерзімі өзгерген, тіркелген жалдау төлемдерінің мәні өзгерген немесе базалық активті сатып алу опционы өзгерген жағдайда жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалау жүргізіледі.

Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау

Топ қысқа мерзімді жалдауға қатысты танудан босатуды өзінің негізгі құралдарды қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдау басталған күні көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға опционды қамтымайтын шарттарға) қолданады. Топ құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалдауға қатысты танудан босатуды да қолданады. Құны төмен активтерді жалдау және қысқа мерзімді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде танылады.

Ұзартуға опционы бар шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезіндегі елеулі пайымдаулар

Топ жалдау мерзімін мерзімінен бұрын тоқтатуға жатпайтын жалдау кезеңі ретінде, егер оның орындалатынына жеткілікті сенімділік болса, жалдауды ұзартуға арналған опцион көзделген кезеңдермен немесе егер оның орындалмайтынына жеткілікті сенімділік болса, жалдауды тоқтатуға арналған опцион көзделген кезеңдермен бірге айқындайды.

Топ осы ұзартуға арналған опционды орындайтынына жеткілікті сенімділіктің болуын айқындау үшін пайымдауды қолданады. Бұл ретте ол жалдауды ұзартуға арналған опционды орындау үшін экономикалық ынталандырудың туындауына алып келетін барлық орынды факторларды ескереді. Жалдау басталған күннен кейін Топ елеулі оқиға не Топтың бақылауындағы мән-жайлардың өзгеруі туындаған кезде жалдау мерзімін қайта бағалайды және оның жалдауды ұзартуға арналған опционды орындау (немесе орындамау) қабілетіне әсер етеді (мысалы, бизнес-стратегияны өзгерту).

Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Қауымдасқан ұйым - бұл Топ қызметіне елеулі ықпал ететін ұйым. Елеулі әсер - бұл инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясаты бойынша шешімдер қабылдауға қатысу өкілеттігі, бірақ бұл саясатты бақылауға немесе бірлесіп бақылау.

Бірлескен кәсіпорын - қызметті бірлесіп бақылайтын тараптарда қызметтің таза активтеріне құқықтарының болуын көздейтін бірлескен кәсіпкерлік. Бірлескен бақылау - маңызды қызметке қатысты шешімдерді қабылдау бақылауды бөлісетін тараптардың бірауыздан келісімін талап еткен кезде ғана орын алатын, қызметті бақылауды шартта көзделген бөлу.

Елеулі ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын айқындау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын айқындау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас. Топтың оның қауымдасқан ұйымына және бірлескен кәсіпорынға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялар бастапқыда бастапқы құны бойынша танылады. Инвестицияның баланстық құны кейіннен сатып алу күнінен кейін туындайтын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның таза активтеріндегі Топтың үлесіндегі өзгерістерді тану салдарынан түзетіледі.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)

Пайда немесе залал туралы есеп қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялар объектілерінің өзге де жиынтық кірісінің өзгерістері Топтың өзге де жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Бұдан басқа, егер қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның меншікті капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ мұндай өзгерістің өз үлесін таниды және бұл қолданылатындай болған кезде меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте осы фактіні ашады. Топтың қауымдасқан ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайда мен залалдар Топтың қауымдасқан ұйымда немесе бірлескен кәсіпорында қатысу үлесі бар дәрежеде алып тасталды.

Қауымдасқан ұйымның және бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы немесе залалындағы Топтың үлесі операциялық пайда немесе залал шеңберінен тыс пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есепте тікелей ұсынылған. Қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі сияқты есепті кезең үшін жасалады. Қажет болған жағдайда оған есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға өзінің инвестициясы бойынша құнсызданудан болатын қосымша шығынды тану қажеттілігін айқындайды. Әрбір есепті күнге Топ қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың құнсыздануын объективті растаудың болуын белгілейді. Осындай растаулар болған жағдайда Топ құнсыздану сомасын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және залалды «Қауымдасқан ұйымның және бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлесі» деген бапта пайда немесе залал туралы есепте таниды.

Қауымдасқан ұйымға елеулі ықпалын немесе бірлескен кәсіпорынға бірлескен бақылауды жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және таниды. Елеулі ықпалды немесе бірлескен бақылауды жоғалту сәтіндегі қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны мен істен шығудан түскен түсімдер арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге барлау және бағалау бойынша активтердің, тау-кен активтерін, материалдық емес активтерді, еншілес ұйымдарға инвестицияларды және қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестицияларды (бұдан әрі - «ұзақ мерзімді активтер») қоса алғанда, негізгі құралдардың баланстық құнының құнсыздану индикаторларының болуына тексеру жүргізеді. Мұндай белгілер анықталған жағдайда құнсызданудан болатын залалдың мөлшерін айқындау мақсатында тиісті ұзақ мерзімді активтің өтелетін құны есептеледі (егер осындай болса). Өтелетін құн екі мәннің ең үлкені ретінде айқындалады: сатуға арналған шығыстарды және пайдалану құнын шегергендегі активтің әділ құны. Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша қаражатының болашақ ағындары басшылықтың пікірі бойынша ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, ағымдағы құнға дейін дисконтталады.

Егер активтің өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болса, осы активтің баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды. Құнсызданудан болған залалдар пайдаларда немесе залалдарда бірден көрсетіледі.

Құнсызданудан болған залал кейіннен қалпына келтірілген жағдайларда, активтің баланстық құны оның өтелетін құнын жана бағалау нәтижесінде алынған сомаға дейін, егер осы актив бойынша өткен жылдардағы құнсызданудан болған залал көрсетілмеген болса, айқындалатын баланстық құннан аспайтындай ұлғаяды. Құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру бірден пайдаларда немесе залалдарда көрсетіледі.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалдар шегеріле отырып, өзіндік құн бойынша есепке алынады. Берілген сыйақы сомасы мен сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелердің әділ құны арасындағы айырма ретінде ұйымдарды бастапқы сатып алу кезінде туындаған материалдық емес активтер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте жер қойнауын пайдалану құқығының құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің амортизациясы тікелей желілік әдіс бойынша есептеледі және актив пайдалануға дайын болған сәттен басталады. Материалдық емес активтер, егер олар келісім-шарттық немесе басқа құқықтардан туындаса немесе олар бөлінетін болса, яғни олар жеке немесе басқа активтермен бірге сатылуы мүмкін болса, есепке алынуға тиіс деп есептеледі.

Материалдық емес активтер жер қойнауын пайдалану құқығын және өзге де материалдық емес активтерді қамтиды. Жер қойнауын пайдалану құқығы кен орындарында коммерциялық өндіру басталғаннан бастап нақты өндіру бойынша тозуды есептеудің өндірістік әдісін пайдалана отырып амортизацияланады. Өзге материалдық емес активтер бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған лицензияны қамтиды. Амортизация материалдық емес активтердің пайдалы қызметінің 1-10 жылдық есептік мерзімін негізге ала отырып, тік сызықты әдіс негізінде есептеледі.

Пайдалы қызметтің болжамды мерзімдері, тарату құны және амортизацияны есептеу әдісі әрбір жылдың соңында талданады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Дивидендтер

Бөлу бекітілген және бұдан әрі Топтың қарауында қалмаса, Топ дивидендтер төлеуге қатысты міндеттемені таниды. Тиісті сома тікелей меншікті капиталдың құрамында танылады.

Қаржы құралдары

Бағалаудың негізгі тәсілдері

Хеджирлеу құралдары ретінде айқындалғандардан басқа қаржы активтері мынадай санаттар бойынша жіктеледі:

- амортизацияланған құн;
- пайда немесе залал арқылы әділ құн;
- өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн.

Топтың қаржы құралдары төменде көрсетілгендей амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді қамтиды.

Амортизацияланған құн негізгі борыш төлемдерін шегергендегі, бірақ есептелген пайыздарды қоса алғанда, ал қаржы активтері үшін - құнсызданудан келтірілген залалдарды кез келген есептен шығаруды шегергендегі активтің бастапқы құнын білдіреді. Есептелген пайыздар мәміле бойынша шығындарды бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған амортизацияны, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, өтеу сомасынан кез келген сыйлықақыны немесе дисконтты қамтиды.

Есептелген пайыздық кірістер мен есептелген пайыздық шығыстар, есептелген купондық кірісті және амортизацияланған дисконтты немесе сыйлықақыны (бар болса, бастапқы тану кезінде кейінге қалдырылған комиссияны қоса алғанда) қоса алғанда, жеке көрсетілмейді, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте активтер мен міндеттемелердің тиісті баптарының баланстық құнына енгізіледі.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары (жалғасы)

Бағалаудың негізгі тәсілдері (жалғасы)

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі - бұл құралдың баланстық құнына әрбір кезеңде тұрақты пайыздық мөлшерлемені (тиімді пайыздық мөлшерлемені) қамтамасыз ету мақсатында тиісті кезең ішінде пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығыстарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме - бұл қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде немесе тиісті жағдайларда қаржы құралының таза баланстық құнына дейін неғұрлым қысқа мерзім ішінде болашақ есептік ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді (кредиттер бойынша болашақ шығындарды қоспағанда) дәл дисконттайтын мөлшерлеме. Пайыздың тиімді пайыздық мөлшерлемесі осы құрал үшін көрсетілген өзгермелі мөлшерлеме бойынша немесе нарықтық мәнге байланысты белгіленбейтін өзге де ауыспалы факторлар бойынша кредиттік спрэдті көрсететін сыйлықақыны немесе дисконтты қоспағанда, пайыз өзгерісінің келесі күніне дейін өзгермелі мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады. Мұндай сыйлықақылар немесе дисконттар құрал айналысының барлық күтілетін мерзімі бойына амортизацияланады. Дисконтталған құнды есептеу тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігін құрайтын келісімшарт тараптары төлеген және алған барлық комиссиялық құнды қамтиды.

Қаржы активтерін жіктеу

Топтың қаржылық активтері қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді банк салымдарын, Қорға берілген қарыздарды (15-ескертпе), ақша қаражатын және олардың баламаларын (16-ескертпе), дебиторлық берешекті (14-ескертпе) және инвестициялық үлестік және борыштық бағалы қағаздарды (12-ескертпе) қамтиды. Басшылық бастапқы тану кезінде қаржы активтерінің жіктелуін айқындайды. Дебиторлық берешек бастапқы тану кезінде әділ құн бойынша көрсетіледі, оған мәміле бойынша шығындар қосылады. Кейіннен дебиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Қаржылық міндеттемелерді жіктеу

Топтың қаржылық міндеттемелері амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелерді қамтиды. Топтың қаржылық міндеттемелері алынған қарыздармен, кредиторлық және өзге де берешектермен, еншілес ұйымды сатып алғаны үшін кредиторлық берешектермен, шарттар бойынша міндеттемелермен, қаржылық жалдау бойынша міндеттемелермен ұсынылған.

Қаржы құралдарын бастапқы тану

Қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша плюс мәміле бойынша келтірілген шығындар ескеріледі. Бастапқы тану кезінде әділ құнды ең жақсы растау мәміле бағасы болып табылады. Пайда немесе залал бастапқы тану сәтінде, егер әділ құн мен мәміле бағасы арасында қазіргі уақытта нарықта байқалатын ұқсас қаржы құралымен немесе кіріс ауыспалы ретінде нарықтардың нақты деректері ғана пайдаланылатын бағалау әдісімен өзге де мәмілелермен расталуы мүмкін айырмашылық болған жағдайда ғана ескеріледі.

Қаржы активтерін кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта жіктей отырып, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- ұйымның қалауы бойынша тануды тоқтату кезінде жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта сыныптамай өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелетін қаржы активтері (үлестік құралдар);
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары (жалғасы)

Егер екі критерий сақталса, қаржы активі амортизацияланған құн бойынша есепке алынады:

- бизнес-модельдің мақсаты барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін қаржы активін ұстап қалу болып табылады; және
- шарттық ақша ағындары пайыздық сыйақы және негізгі борыш бойынша төлемдермен ғана ұсынылған.

Бастапқы танылғаннан кейін олар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Егер дисконттау әсері елеулі болмаса, дисконттау қолданылмауы мүмкін.

Топ бастапқыда борыштық инвестициялық бағалы қағаздарды әділ құн бойынша, ал кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағалайды.

Қаржы активтерін тануды тоқтату

Топ қаржылық активтерді есепке алуды тоқтатады, (а) бұл активтер өтелген немесе осы активтерге байланысты ақша ағындарына құқықтар аяқталған кезде, немесе (б) Топ қаржы активтерінен ақша ағындарына құқық берді немесе беру туралы келісім жасасты, және бұл ретте (i) сондай-ақ осы активтерді иеленуге байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайдаларды, немесе (ii) осы активтерді иеленуге байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайдаларды бермеді және сақтамайды, бірақ осы активтерге қатысты бақылау құқығын жоғалтады. Егер контрагенттің сатуға қосымша шектеулер салу қажеттілігінсіз қаралатын активті біртұтас ретінде тәуелсіз үшінші тарапқа сатуға практикалық мүмкіндігі болмаған жағдайда бақылау сақталады.

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің құнсыздануы

Құнсызданудан күтілетін залалдар кәсіпорынға тиесілі барлық шарттық ақша ағындары мен ол іс жүзінде алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма ретінде айқындалады («ақша қаражатының тапшылығы»). Бұл айырма бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме (немесе сатып алынған немесе құрылған кредиттік құнсызданған қаржы активтері бойынша кредитке түзетумен тиімді пайыздық мөлшерлеме) бойынша дисконтталады.

Қаржы активтерінің құнсыздануын бағалау жеке де, ұжымдық та жүргізілуі мүмкін және кәсіпорын өзінің кредиттік тәуекелін қалай басқаратынына негізделеді. Егер ұйымның құны үлкен дебиторлық берешегі аз болса және осы дебиторлық берешек шот негізінде басқарылса (яғни жеке), мұндай жағдайда резервтердің құнсыздануын матрицаға негіздеу орынсыз болуы мүмкін, өйткені мұндай матрица жеке дебиторлық берешектің күтілетін кредиттік залалдарына сәйкес келмеуі мүмкін.

Кредиттік залалдарды тану бұдан былай Топтың құнсыздану оқиғасын анықтағанына байланысты емес. Оның орнына Топ өткен оқиғаларды, ағымдағы жағдайларды, құрал бойынша болашақ ақша ағындарының күтілетін жинақталуына әсер ететін қисынды және негізделген болжамдарды қоса алғанда, кредиттік тәуекелді бағалау және күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезінде ақпараттың неғұрлым кең спектрін ескереді.

Осы перспективалық тәсілді қолдану кезінде мыналар арасында айырмашылық жүргізіледі:

- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік сапасының елеулі нашарлауына ұшырамаған немесе кредиттік тәуекелі төмен қаржы құралдарымен («1-кезең»);
- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік сапасын едәуір нашарлатқан және кредиттік тәуекелі төмен болып табылмайтын қаржы құралдары («2-кезең»);
- «3-кезең» есепті күнге құнсызданудың объективті белгілері бар қаржы активтерін қамтитын болады.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы құралдары (жалғасы)

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

«12 айлық күтілетін кредиттік залалдар» бірінші санат үшін танылады, ал «қызмет мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдар» екінші санат үшін танылады.

Топ дебиторлық берешек үшін бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдарды тану үшін *XKEC (IFRS) 9 «Қаржы құралдары»* оңайлатылған моделін қолданады, өйткені бұл баптарда қаржыландырудың елеулі компоненті жоқ. Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезінде дебиторлық берешек жеке негізде бағаланды.

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты мен ақша қаражаты үшін күтілетін кредиттік залалдар 12 ай кезеңіне есептеледі. 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар - бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде келтірілуі мүмкін бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік залалдар бөлігі. Алайда, активті танығаннан кейін кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы бүкіл мерзімге күтілетін кредиттік залалдарды қолдануға алып келеді.

Егер амортизацияланған құн бойынша ескерілетін құнсызданған қаржы активінің талаптары контрагенттің қаржылық қиындықтарына байланысты қайта қаралатын немесе өзгеше түрде өзгертін болса, құнсыздану шарттар өзгергенге дейін бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады.

Үмітсіз активтер активті қалпына келтіру үшін барлық қажетті рәсімдер аяқталғаннан және шығын сомасы айқындалғаннан кейін құнсыздануға тиісті резерв шотына есептен шығарылады. Бұрын есептен шығарылған сомаларды кейіннен қалпына келтіру жыл ішіндегі пайда немесе залал құрамындағы құнсызданудан болған залалдар есебіне жатқызылады.

Ақша қаражаты және олардың баламалары

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен олардың баламалары банктердегі және кассадағы ақша қаражатын, кері репо шарттары бойынша дебиторлық берешекті және құнның елеусіз өзгеру тәуекеліне ұшырайтын бастапқы өтеу мерзімі үш ай немесе одан аз қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты Топтың арнайы банктік шоттарындағы пайдаланылуы шектелген ақша қаражатын қамтиды.

РЕПО және кері РЕПО шарттары

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары (РЕПО шарттары) шоғырландырылған қаржылық есептілікте қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде көрсетіледі. РЕПО шарттары бойынша сатылған бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілуін жалғастырады және контрагентте келісім-шарттың немесе жалпы қабылданған практиканың шарттарынан туындайтын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге беруге құқығы болған жағдайда РЕПО шарттары бойынша кепіл ретінде берілген бағалы қағаздар санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер кредиттік ұйымдар немесе клиенттер қаражатының құрамына енгізіледі. Кері сату шарттары (кері РЕПО) бойынша бағалы қағаздарды сатып алу жағдайға байланысты ақша қаражатының және олардың баламаларының, кредиттік ұйымдардағы қаражаттың немесе клиенттерге берілген кредиттердің құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыз ретінде қаралады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша РЕПО шарттарының қолданылу мерзімі ішінде есептеледі.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Берілген қарыздар

Берілген қарыздар бастапқыда әділ құн бойынша, ал кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Инвестициялық бағалы қағаздар

Инвестициялық бағалы қағаздар бастапқыда тану күніндегі әділ құнды білдіретін құн бойынша ескеріледі. Бастапқы танылғаннан кейін олар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі.

Дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Топтың таяу болашақта сатуға ниеттенгендерін қоспағанда, тіркелген немесе айқындалатын төлемдері бар белсенді нарықта белгіленбейтін туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Олар ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктелетін есепті күннен кейін 12 айдан астам өтеу мерзімі бар активтерді қоспағанда, өзге қысқа мерзімді активтерге енгізілген.

Алынған қарыздар

Барлық қарыздар бастапқыда алынған ақша қаражатының әділ құнын білдіретін құн бойынша ескеріледі. Бастапқы танылғаннан кейін қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі.

Саудалық және өзге де кредиторлық берешек

Саудалық және өзге де кредиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Резервтер

Резервтер Топта өтеу қажет болатын өткен оқиғалардың нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемелер (занды немесе практикадан туындайтын) болған кезде есепте көрсетіледі, бұл ретте мұндай міндеттемелердің мөлшері жеткілікті дәлдік дәрежесімен бағалануы мүмкін.

Есепте көрсетілетін алдағы шығыстар резервінің шамасы осы міндеттемелерге тән тәуекелдер мен белгісіздіктерді ескере отырып, есепті күнге айқындалған міндеттемелерді өтеу үшін қажетті соманы ең жақсы бағалауды білдіреді. Егер алдағы шығыстар резервінің шамасы міндеттемелерді өтеу бойынша болжамды ақша ағындары негізінде есептелсе, онда алдағы шығыстар резерві осындай ақша ағындарының дисконтталған құны ретінде айқындалады (егер ақша құнының әсері уақыт бойынша елеулі болып табылса).

Болашақ кезендердің шығыстары

Қарызды резервтеу бойынша актив бойынша болашақ кезеңдердің шығыстары

Болашақ кезендердің шығыстары қаржы институттарынан әлеуетті тиімді шарттарда ақша қаражатын алуға мүмкіндік беретін активті қамтиды және қаржы институттарына төленген кредит желісі бойынша қаражатты резервке қойғаны үшін төленген комиссиялардан тұрады. Осы актив кредит желісінің пайдаланылуына қарай азаяды және кредит желісінің қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Болашақ кезеңдердің шығыстары (жалғасы)

Сақтандыру бойынша болашақ кезеңдердің шығыстары

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша болашақ кезеңдердің шығыстары құрылыс және монтаждау тәуекелдерін сақтандыруды қамтиды қолданыстағы және өндіріс процесіндегі қондырғылар мен жабдықтардың мүлкіне келтірілген залалды, зиян келтіргені үшін үшінші тұлғалар алдында 12 айдан 50 айға дейінгі мерзімге азаматтық-құқықтық сондай-ақ көлік құралдары иелерін АҚЖ міндетті сақтандыру, қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру, мүлікті сақтандыру және 12 айға дейінгі мерзімге бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпараттық сайттарға қол жеткізуді сатып алу бойынша болашақ кезеңдердің шығыстарына жатқызылған сомаларды қамтиды.

Кірістер мен шығыстарды тану

Түсімді тану

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қымбат металдарды сатудан түскен түсім тауарларды бақылау сатып алушыға Топ осы тауарларға немесе қызметтерге айырбасқа алуды күтетін өтемді көрсететін сомада берілгенде танылады.

Топ түсімді тану кезінде мынадай қадамдарды жүзеге асырады:

- тұтынушымен шартты сәйкестендіру;
- шарт шеңберінде орындалуға тиіс міндеттемені сәйкестендіру;
- мәміле бағасын айқындау;
- шарт шеңберінде орындалуға тиіс жекелеген міндеттер арасында мәміле бағасын бөлу;
- шарт шеңберінде орындалуға тиіс міндеттерді орындау сәтінде (немесе шамасына қарай) түсімді тану.

Түсім не белгілі бір уақытта, не Топ уәде берілген тауарларды өз клиенттеріне бере отырып, орындау жөніндегі міндеттемелерін орындайтын уақыт ішінде танылады.

Кірістер алынған немесе алынуға жататын қаражаттың әділ құны бойынша бағаланады. Алынған өтемнің әділ құны дұрыс бағаланбаған кезде кіріс берілген тауарлар мен көрсетілген қызметтердің әділ құны бойынша бағаланады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме - бұл Топ сатып алушыдан өтем алған (не өтеуге жататын) тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алушыға беру міндеті. Егер сатып алушы өтемді Топ сатып алушыға тауарды немесе қызметті бермес бұрын төлесе, төлем жүзеге асырылған сәтте немесе төлем төленуге жататын сәтте (бұрын не болғанына байланысты) шарт бойынша міндеттеме танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындаған кезде түсім ретінде танылады.

Сыйақыдан түсетін кіріс

Кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздар есептелген кезде, яғни қаржы құралы айналысының күтілетін ұзақтығы кезеңінің ішінде қаржы активінің таза баланстық құнына дейін ақша қаражатының болжамды болашақ түсімдерін дисконттайтын мөлшерлеме бойынша танылады. Пайыздық кіріс пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістердің құрамына енгізіледі.



4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)

Шығыстар

Шығыстар ақша қаражаты немесе олардың баламалары қашан төленгеніне қарамастан, тиісті тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алған сәтте ескеріледі және олар жататын кезеңде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Тауар-материалдық қорлар

Топтың тауарлық-материалдық қорлары дайын өнімді өндіру және қызмет көрсету процесінде пайдалануға арналған тауарларды, аяқталмаған өндірісті, шикізат пен материалдарды қамтиды.

Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны сатып алуға жұмсалған барлық нақты шығындарды, қайта өңдеуге жұмсалған шығындарды және тауар-материалдық қорларды олардың ағымдағы жай-күйіне және олардың ағымдағы орналасқан жеріне дейін жеткізу мақсатында жұмсалған өзге де шығындарды қамтиды. Тауар-материалдық қорлар орташа өлшенген құн әдісі бойынша есепке алынады.

Тауар-материалдық қорлар екі шаманың ең азы бойынша: өзіндік құны немесе сатудың таза құны бойынша есепке алынады. Топ өтімді емес және аз пайдаланылатын тауар-материалдық қорлардың құнын сатудың таза құнына дейін азайтады. Мұндай тауар-материалдық қорлардың істен шығуынан өткізудің нақты сомасы өткізудің таза құнынан ерекшеленуі мүмкін. Кез келген осындай айырма болашақ операциялық нәтижелерге елеулі әсер етуі мүмкін.

Ағымдағы корпоративтік табыс салығы

Ағымдағы және өткен кезеңдердегі ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелері салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарына төлеуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңдары - бұл Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кіріс алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе іс жүзінде қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар.

Капиталда тікелей танылған баптарға жататын ағымдағы корпоративтік табыс салығы капиталдың құрамында танылады.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың шоғырландырылған қаржылық есептілік мақсаттары үшін ағымдағы құны арасындағы есепті күнге уақытша айырмашылықтарды айқындау жолымен міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша танылады. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер барлық шегерілетін уақытша айырмалар, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық залалдары бойынша оған қарсы шегерілетін уақытша айырмалар, пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер және пайдаланылмаған салықтық залалдар есептелуі мүмкін салық салынатын пайда болуының елеулі ықтималдығы бар дәрежеде танылады.

Уақытша айырма бизнесті біріктіру болып табылмайтын мәміле барысында активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындаған және операция жасау сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпеген жағдайларда салық активтері мен салық міндеттемелері шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмейді.



«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰЛТТЫҚ ТАУ-КЕН КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2025 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

4. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы (жалғасы)

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтердің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайдаға қол жеткізу ықтималдығы төмен дәрежеде бағаланады.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша танылмаған активтер әрбір есепті күнге қайта қаралады және болашақ салық салынатын пайда кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтерді пайдалануға мүмкіндік беретін елеулі ықтималдық пайда болатын дәрежеде танылады.

